

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**

САҒЫНЫП ЖҮРМІН...

Студент кезімде қазақ әдебитін кітапханаға іздеп барып оқитынмын. 25 жасыма дейін барлық қазақ жазушыларының шығармаларын оқып бітірдім десем болады. Соның ішінде Рахымжан ағаның шығармалары ерекше ұнайтын. 90-шы жылдардың ортасында алғаш рет «Бес қасқа Беріштің хикаясы» шығармасын оқыдым. Оқуды бітірген соң ауылда біраз жыл жүрдім де, сәті түсіп Бейжіңде Мемлекеттік ұлт істері жөніндегі агенттіктің «Ұлттар баспасына» жұмысқа орналастым. Бұл баспа кітаптарды 6 тілде басып шығаратын. Сол баспада жұмыс істеп жүргенімде Шыңжаңның сыртқы істер министрлігінде істейтін Қасым Қажы деген жігіт хабарласты. Біздің ауылдың жігіті екенін сыртынан білетін едім. Қасым маған Рахымжан ағаның кітабын беріп, оқып шықшы деді. Баспадағы бастықтарға ұсынуымды сұрады. Басшылық ұсынысты қабылдап, аудармаға, баспаға ағаның кітаптарын басып шығару жұмыстарын бастап кетті. 2006 жылдың қарашасында Рахымжан аға Үрімшіге келді. Сол жерде алғаш рет кездестік. Ағама кітабының баспада әзірленіп жатқанын, өзін шығармалары арқылы танытынымды айттым.

Қытайда Еркеш Құрманбекқызы деген қытай тілінде жазатын, аудармашы қыз болды. Сол бойжеткен Рахымжан ағаның кітабын қытай тіліне аударды. Мен екі ортада үйлестірушінің жұмысын істедім. Қазақша мен аударманы салыстырдым. Содан кітап 2007 жылы екі том болып қазақ және қытай тілінде баспадан шықты. Бейжіңде кітаптың тұсаукесері болды. Жазушыны халықтың қалай қарсы алғанын айтып жеткізу мүмкін емес. Мереке Құлкенов ағамыз да Рахымжан ағамен бірге келді. Үлкен алты қанатты ақ боз үй тігіліп, Рахымжан ағаны қарсы алдық. Бұл іске Қазақстанның Қытайдағы елшілігі де араласты.

Қазақ жазушылары Абайдан, Жамбылдан бастап қытай тіліне аударыла бастады. Абайдың өлеңдері 1950 жылдан бастап аударылса, 1980

жылдарға дейін Қытайдағы жағдайларға байланысты бұл іс баяулап қалған болатын. 80-ші жылдардан кейін де қазақ әдебиетінен азды-көпті аудармалар жасалып жүрді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін шығармалары қытай тіліне аударылған алғашқы жазушы — Рахымжан Отарбаев болды. Қытай тілінде таңдамалы деген атпен, қазақ тілінде де кітап 3 рет қайта басылды. Қытай тіліндегі нұсқасын Қытай жазушылары да жақсы қабылдады.

2009 жылы Бейжіңдегі жұмысымды тастап, Қазақстанға келдім. Ағаның Астанадағы үйінде тұрдым. Жақсылығын көрдім. Інісі болдым. Туған ағамдай болып кетті. Көпшілікке мені інім деп таныстыратын. 10 жыл жанында жүрдім. Рахымжан аға әке-шешемнің көзін көрді. Ауылыма барды. Дастарханымыздан дәм татты.

Ал, шығармашылығына келетін болсам, тілінің құнары бар еді. Ең басты ерекшелігі — тілмен сурет салады. Жазушы деген жалпылама ұғым болуы мүмкін, ал санаулы суреткерлердің бірі — Рахымжан Отарбаев. Суреткерлігімен қазақ әдебиетінде өзгеше биік тұлға болып қалды. Әңгімені де ұзартып жазбайды, қысқа әңгімеден қоғамдағы адамдарды, қазақтың мінезін жеткізеді.

Мен алғаш Қазақстанға келгенде театр мамандығына түскім келген, бірақ жасым 30-дан асып кеткендіктен болмады. Содан Сүлеймен Демирель атындағы университетке магистратураға түстім. Диссертациямның тақырыбы ретінде Рахымжан Отарбаевтың шығармашылығын таңдадым. Жұмысым ғылыми айналымға енді. Ағаның өзі де көрді. Алдағы уақытта көлемді дүниелер жазымын деп жүрмін.

Рахымжан аға ағалық ақылын айтып, өзінің орынды қалжыңымен, өзіне тән мінезімен үлгі болды. Әңгімеміз әрдайым әдебиет төңірегінде өрбуші еді. Ешқашан еш топқа қосылма деп ақыл айтып отыратын. Сағынып жүрмін...

